

Шет ел
басылымдарыЗарубежные
публикацииForeign
publications

ӨОЖ 28:1:33

Мехмет Булген

Мармара университеті, Түркия Республикасы, Стамбул қ.

E-mail: M.Bulgen@hotmail.com

Ислам дініндегі Тәңір, әлем, адамзат байланысы және реинкарнация мәселесі

Аңдатпа. Бұл мақаланың мақсаты - діни ілімдер мен философиялық теориялар өлімнен кейінгі өмір туралы немесе мәңгі өмір туралы ілімдерді олардың болмыс туралы көрінісіне, олардың дүниетанымы мен эпистемиологиялық перспективаларға сәйкес анықтайтындығын көрсету. Сәйкесінше реинкарнацияға сенім Құдай, әлем және адам туралы исламдық ілімдерге қарама-қайшы келеді.

Түйін сөздер: мәңгі өмір, қабір әлеміне сенім, рухтың көшуі, танасу, реинкарнация.

Жанды жаратылыстардың ішінде өзінің өлетіндігін білетін бір ғана жаратылыс иесі бар, ол адамат болып табылады. Хз. Адам Атадан бастап адам баласы мәңгі өмір сүруді үміт еткен [1]. Қорқынышты өлім және жоқ болу сезімі адам өмірінде әрқашанда маңызды рөл атқарған. Адам баласы діни, философиялық және ғылыми тұрғыдан жоқ болудан құтылудың жолдарын іздеген. Адам баласының бойын мәңгілік өмір сезімі ешқашан да жаулап ала алмаған. Тарихтың әртүрлі кезеңдерінде бұл сенімге негізделмеген философиялық ой-пікірлерге қарағанда, адамдарға мәңгілік өмірді уәде еткен діндердің маңызы жоғары болған [2].

Адамның бойында мәңгілік өмір сезімін қалыптастыру мақсатында сан ғасырлар бойы көптеген наным-сенімдер мен көзқарастар пайда болған [3]. Дегенмен, бұл мәселені шешудің екі негізі қарастырылған: бірі Иудаизм, Христиан және Ислам діндеріне негізделген ақырет сенімі, ал екіншісі Индуизм, Буддизм, Жайнизм және Сихизм сияқты Үнді діндеріне негізделген рухтың бір денеден екінші денеге көшуі, яғни танасу (реинкарнация) сенімі болып табылды [4]. Сондықтан да Үнді діндері мен Ислам діні арасындағы Тәңір, әлем және адамзат байланыстарын салыстыра отырып, осы екі діннің

арасындағы мәңгілік өмір түсінігіне қатысты айырмашылықтарды көрсетуге тырыстық.

Өлімнің соңы жоқ екендігі жайлы пікір адамзат тарихы сияқты ескі болғанымен, танасу (рухтың көшуі) [5] сенімінің шығу тарихына көп уақыт болған жоқ. Танасу, бұл (реинкарнация) рухтың әдептілік қасиеттері арқылы кемелдікке жеткенге дейінгі әртүрлі денелерде дүниеге келуі деген сенімге негізделеді. Бұл наным-сенім ежелгі Үнді халқының қасиетті жазбалары болып саналатын Упанишадтарда (б.з.д. 800-400) кездеседі. Ведалар сияқты ежелгі үнді діни кітаптарында бұл сенім кездеспейді [6]. Ежелгі Грек және Мысыр жерінде бұл сенім б.з.д 500-шы жылдардан кейін пайда бола бастаған [7]. Мысырлықтардың «Өлгендер» атты кітабында (б.з.д. 3000-шы жылдар) рухтың әртүрлі денелерде дүниеге келу жағдайынан гөрі оның арғы дүниедегі жағдайы баяндалады [8]. Танасу (рух көші) сенімін әртүрлі қоғам мен мәдениеттерден көруге болады. Бірақ, бұл сенім әр қоғамда нақты бір сипатқа ие болмаған. Үнді діни наным-сенімдеріне қарағанда рух көші сенімінің қоғамда нақты сипатқа ие болуы үшін мына алты шарттың орындалуы тиіс:

1. Тұлғалық сипаты жоқ (non personal) абсолюттік тәңір түсінігі;

2. Тәңір мен әлемнің бір ұғым деп қабылдайтын пантейстік космология (монизм)

3. Бұл әлемді қиял мен алдау-арбаудан тұрады деген сюрреалистік эпистемология;

4. Өлетін тән мен өлмейтін рухтан тұратын дуалистік көзқарас;

5. Тәңірдің қалауынсыз тәуелсіз түрде жасайтын әдептілік заңы (карма) және рухтың осы заң арқылы бір денеден екінші денеге көшіп азаптан құтылу сенімі;

6. Қоғамдық топтарға бөлінуге негізделген каста жүйесі [9].

Рух көші (танасух, реинкарнация) діни сенімінің Үнді жерінде кеңінен таралуына ықпал еткен осы алты негізді салыстырмалы түрде қарастыратын болсақ, мәңгілік өмір мәселесінде Үнді діндері мен илаһи діндер арасындағы ең негізгі айырмашылық бұл екі діндегі Тәңір түсінігінің әртүрлі болуымен байланысты. Үнді космологиясында Тәңір әлемдегі болмыстардың арғы жағындағы тылсым күш емес. Яғни, әлем Тәңірдің тұтастай бейнесі ретінде барлық нәрседе және барлық жерде өзінің болмысын көрсетеді [10]. Үнді сенімдері бойынша рух ажырамас абстрактілі субстанция, ол дене өлгенімен өз алдына өмір сүре береді деген негіздер постулат ретінде қабылданады [11].

Ислам діни сияқты теистік (бір Құдай сенімі бар) діндерде мәңгілік өмір мәселесі Тәңірге негізделген түсінік болып табылады. Бұл сенімге қарағанда, адамзатқа мәңгілік өмірді сыйлайтын шексіз білім, ғылым және құдірет иесі Тәңір болып табылады [12]. Мұндай сенімдегі адамдар бір Аллаға иман етіп, Оның әлемді және бүкіл жаратылыс атаулыны жаратқандығына және қаласа бұларды қайтадан жарата алатындығына сенеді [13]. Басқаша айтқанда, мүмин бұл өмірді қабылдағаны секілді ақырет өмірінде қабылдайды [14]. Мәңгілік өмір (ақырет өмірі) жайлы әртүрлі наным-сенімдерді осы екі діннің «ақырет азабынан құтылу» туралы түсініктерінен көруге болады. Үнді діндерінде азаптан құтылу (мокша) жолы Тәңірдің қалауынсыз тәуелсіз түрде жасалатын әдеп заңы, яғни карма арқылы жүзеге асады [15]. Үнді халқының сенімі бойынша адамды азаптан құтқаратын иман емес, оның осы заңға тәуелді іс-әрекеті болып табылады [16]. Яғни, адам өзін-өзі құтқарады немесе жоғалтады [17]. Ал, Ислам дінінде азаптан құтылу тек Алланың ризашылығымен ғана болатын жағдай. Аллаға иман етіп, ізгі (жақсы) амалдар жасап, Оның ризашылығына бөленген мұсылмандар тозақ отынан құтылады [18]. Тәңірге иман етпей, ізгі

амал жасамай азаптан құтылу мүмкін емес [19].

Үнді діндерінде рух қайтадан дүниеге келу арқылы бір жағынан тазарады, бір жағынан білім-тәжірибесін арттыра отырып кемелдікке көтеріледі. Олардың сенімінше рухтың бұл көтерілуі туу және өлу жағдайынан (самсара) құтылып, әмбебап рухқа (брахман) жеткенге дейін және сол жерде жоқ болып кеткенге (нирвана) дейін жалғасады [20]. Осыған байланысты Үнді діндері рухтың о бастан бар өмір сүретіндігін қабылдайды, бірақ рухтың мәңгі өмір сүретіндігін қабылдамайды [21]. Ислам дінінде құтылу Аллаға қауышу деген сөз. Бірақ, ақыретте болатын бұл қауышу жағдайы Тәңірмен онтологиялық қосылу деген сөз емес. Үнді діндерінің әлеммен немесе Тәңірмен қосылу, жоқ болу деген сенімдері мен Исламның Тәңір туралы түсініктерінің арасында ешқандай үйлесімділік жоқ.

Үнді космологиясы бойынша адамның әлемде арнайы орны жоқ. Өйткені үнді халқы рухты бірінші кезекке, ал тәнді екінші кезекке қойып, барлық жаратылыс атаулының бір рухпен өмір сүретіндігіне сенеді. Олардың сенімі бойынша бүгін адамның денесінде жүрген рух ертеңгі күні жануар немесе өсімдік болып қайта дүниеге келуі мүмкін. Сондықтан да барлық жаратылыстар бір-бірімен туыс болып саналады [22]. Ислам діні бойынша адамзат қатардағы бір жаратылыс емес, жаратылыстардың ішіндегі ең көркем жаратылыс болып саналады. Алланың әмірімен жер бетіне түсіріліп, бүкіл жаратылыс атаулы адамзаттың игілігіне берілген. Періштелерге де оған сәжде етуді бұйырған [23]. Дүниеден бас тарту, өмірді қалай болса солай мағынасыз өткізу, материяны жамандап қорлау сияқты гностикалық әрекеттер Ислам дінімен сәйкес келмейді. Құран бойынша дүниеге келген, өмір сүрген, өлген және ақыретте қайта тіріліп, есепке тартылып, нәтижесінде жәннетқа немесе тозаққа кіретін жаратылыс иесі рух пен тәннен тұратын адамзат болып табылады [24].

Үнді космологиясында тек адам және басқа жаратылыстар ғана емес, сонымен бірге әлемнің өзі де танасух сеніміне тәуелді болып есептеледі. Яғни, әлемнің өмірі аяқталғанда, ол қайтадан дүниеге келіп өмірін жалғастыра алады [25]. Әлемнің өткен өмірде жақсы немесе жаман болуы оның жаңа өмірдегі жағдайын айқындайды. Яғни, бұл өткен өмірін қалай өткізсе қайта дүниеге келгенде де өмірін солай жалғастырады деген сөз. Осыған байланысты үнді космологиясында тарих бір-біріне жалғанып отыра-

тын кезендерден тұрады және жағдай шексіз жалғаса береді [26]. Ал, Ислам дінінде тарих қайталанбайды, бір сызық бойымен тізбектеліп

жазыла береді. Ислам сенімі бойынша әлем Алла тарапынан жаратылған. Ол мәңгі және шексіз күдірет иесі болып табылады [27].

Кесте 1 - Ислам діні мен Үнді діндері арасындағы дүниетанымның салыстырмалы кестесі

Ислам дінінің дүниетанымы	Үнді дінінің дүниетанымы
Әлемге Тәңірден басқаның бәрі жатады. Болмыс Тәңір мен әлемнен тұрады.	Болмыстың бәрі әлем болып саналады. Тәңір мен әлем бір-бірінен тек ақыл-ойда бөлінеді, шын мәнінде екеуі бір нәрсе.
Әлем рухани жағы жоқ болмыс. Тұтас әлемді немесе оның бір бөлігін киелі (қасиетті) ету Аллаға серік қосу болып саналады.	Әлем Тәңірдің бейнесі болғандықтан киелі болып саналады. Сол себептен әлемдегі болмыс атаулыны Құдайға айналдыруға болады. Политеистік сипатта көрініс табады.
Әлем Тәңірдің қалауымен жаратылған.	Тәңір абсолюттік болмыс болып әлемге араласпайды. Ол шексіз әрі мәңгі.
Әлемді шексіз білім, хикмет және күдірет иесі Тәңір басқарады.	Әлем тұрақты және тұлғалық сипатқа ие емес. Оның нәтижесі кармаға байланысты анықталады.
Тәңірден басқа ешқандай жаратылыс табиғат заңын өзгерте алмайды.	Жартылай тәңір-адам бейнесі және аватарлар табиғат заңдарын өзгерте алады.
Тарих тіке сызық бойымен жазыла береді.	Тәңір, әлем және бүкіл жаратылыс карма және танасух заңына тәуелді болғандықтан, тарих қайталанып отырады. Әлем өмірін тоқтатқанда, қайтадан дүниеге келіп өмірін жалғастырады. Әлемнің өткен өмірде жақсы немесе жаман болуы оның жаңа өмірдегі жағдайына ықпал етеді.
Заттың шынайылығы тұрақты. Әлем шынайы болып есептеледі.	Материалдық әлем шынайы емес. Ол қиял мен алдау-арбаудан тұрады.
Тіл, салт-дәстүр, жазбаша уахи ақиқатқа жету жолында негізгі бағыт-бағдар болып табылады.	Тіл, салт-дәстүр, жазбаша уахи ақиқатқа жету жолында адамға кедергі болады.
Жаңа туған сәби күнәсіз болып есептеледі. Адамзат осы өмірде істеген істерінің нәтижесін ақыретте көреді.	Әр дүниеге келген адам өткен өміріндегі карма жағдайына байланысты өмірге келеді. Карма заңы адамның өткен өмірі мен келешектегі өмірін байланыстарын жол. Адамның осы өмірде бақытты немесе бақытсыз ғұмыр кешуі оның өткен өмірінің нәтижесі болып саналады.
Өлімнен кейін қайта тірілу Тәңірдің әмірімен орындалады.	Тән өлгеннен кейін рух карма заңымен басқа денеде қайтадан дүниеге келеді. Бұған Тәңір араласпайды.
Адам дүниеде істеген істерін есіне түсіреді.	Өткен өмірдегі істерін есіне түсірмейді. Қайта өмірге келгенде өткен өмірі толығымен өшіріледі.
Адамзат рух пен тәннің ажырамас бөлігі.	Рух және тән дуализмге негізделеді. Рух бірінші кезекте, тән екінші кезекте тұрады.
Адам жаратылыстардың ішінде ең көркем жаратылыс иесі болып табылады.	Адам басқа жаратылыстардың ішінде орта деңгейдегі жаратылыс болып есептеледі.

Адамзат тарихынан бастау алатын «өлімнен кейін қайта тірілу» жайлы сенім діннің ең негізгі функцияларының бірі болып саналады. Дін адамзат бойына мәңгілік өмір сезімін ұялатумен ғана шектелмей, оны сенім және әдеп қағидаларына айналдырған. Бірақ, діндер «мәңгілік өмір» және «азаптан құтылу» сенімдерін Тәңір, әлем және адамзат бейнесіне параллель түрде жүзеге асырған. Осы орайда абсолюттік тәңір сенімін ұстанған діндер, мәңгілік өмір түсінігіне мәңгілік рух арқылы жеткен. Олардың сенімдері бойынша рухтың мәңгі өмір сүруі үшін Тәңірдің қажеті жоқ. Илаһи діндер бойынша Аллаға иман етпестен, Оның жәрдемінен азаптан құтылу мүмкін емес. Абсолюттік Тәңір түсінігін ұстанған діни көзқарастарға қарағанда, адамды азаптан иман емес, әмбебап карма заңына тәуелді болған өзінің іс-әрекеттері ғана құтқарады.

Сонымен, Үнді діндеріне тән «бұл өмірде қайта дүниеге келу» (танасух, реинкарнация) сенімі мен Ислам дінінің «ақыретте қайта тірілу» сенімінің арасында ешқандай үйлесімділік, сәйкестік жоқ екендігі айқын нәрсе.

Құран бойынша дүниеге келген, өмір сүрген, өлген және ақыретте қайта тіріліп, есепке тартылып, нәтижесінде жәннатқа немесе тозаққа кіретін жаратылыс иесі рух пен тәннен тұратын адамзат болып табылады.

Әдебиеттер

- 1 Құран Кәрім. Ағраф – 7/20, Таха 20/120.
- 2 S.G.F. Brandon. *Man and His Destiny in the World's Religions*. – Manchester. – 1963. – S. 375.
- 3 Harold Coward. *Life After Death in World Religions*. – New York. – 1997. – S. 2-9.
- 4 J. Bruce Long. “Reincarnation” *md*. *Encyclopedia of Religion*. – USA, 2005. Turan Koç, *Ölümsüzlük Düşüncesi*. – İstanbul. 2005. – S. 135;
- 5 Араб тілінде бұл сөз «насих» түбірінен шығып «бір нәрсенің орнына басқа нәрсені қою», «бір жерден екінші жерге тасымалдау» деген мағыналарды білдіреді.
- 6 Ninian Smart. “Reincarnation” *md*. *Encyclopedia of Philosophy*. – USA. – 2006. – S. 331.
- 7 Linda Trinkaus Zagzebski. *Philosophy of Religion*; J. Bruce Long, “Reincarnation” *md*. S. 76-77.
- 8 Mark Albrecht. *Reincarnation*. 1982. – S. 8-9, 26-35.
- 9 Joseph Prabhu. «UpanishadicPhilosohy» *Encyclopedia of India*. – USA, – 2006, S. 198-200.
- 10 Paul A. Harrison. *Elements of Pantheism*. – USA, 2004 – s. 13.
- 11 Turan Koç. *Ölümsüzlük Düşüncesi*. – S. 46.
- 12 Kuran-ı Kerim. *El-Enbiya* 21/104
- 13 Kuran-ı Kerim. *Yasin* 36/77-81; *Kaf* 50/15;
- 14 İlyas Çelebi. *İslam İnancında Gayb Problemi*. – İstanbul, 1996. önsöz.
- 15 Michael Witzel. «Hinduism (Dharma)» *Encyclopedia of India*. – USA, 2006. – II, 190.
- 16 Libby Ahluwalia. *Understanding Philosophy of Religion*. – s. 253.
- 17 Mehmet Taplamacıoğlu. *Karşılaştırmalı Dinler Tarihi*. – Ankara, 1966. – s. 145-146.
- 18 Kuran-ı Kerim. *Er-Rad* 13/22-24; *El-Kehf* 18/28; *Taha* 20/130;
- 19 Kuran-ı Kerim. *El-Maide* 5/5; *El-A'raf* 7/147; *El-Kehf* 18/103-105.
- 20 Chad Meister. *Introducing Philosophy of Religion* – 2009. – S. 25.
- 21 Frank Jevons. *Comparative Religion*. 2004. – s.76.
- 22 Kürşat Demirci. «Tenasüh» *İslam'da İnanç İbadet ve Günlük Yaşayış Ansiklopedisi*. – İstanbul, 1997. – IV. – s. 333.
- 23 Kuran-ı Kerim. *El-Bakara* 2/29-34; *et-Tin* 95/4.
- 24 Kuran-ı Kerim. *El-Bakara* 2/72, 233, 286; *en-Nisa* 4/1, 29, 83; *el-Maide* 5/32; *el-Enam* 6/151-152.
- 25 Mircea Eliade. *The Sacred and The Profane: The Nature of Religion*. – USA, 1987, – S. 108.
- 26 Ralph Mark Rosen. *Time and Temporality in the Ancient World*. – 2004. – S. 92.
- 27 Kuran-ı Kerim. *El-Kasas* 28/88; *el-Hadid* 57/3; *el-Furkan* 25/2.

Мехмет Булген

Соотношение Бога, человека и мира в исламе

Цель данной статьи – показать, что религиозные учения и философские теории определяют их учения о жизни после смерти или бесконечной жизни в соответствии с их видением о бытии, с их мировоззрением и эпистемологическими перспективами. Соответственно, вера в реинкарнации противоречит исламским учения о Боге, вселенной и человеке.

Ключевые слова: бессмертие, вера в загробный мир, переселение, танасух, реинкарнация.

Mehmet Bulgen

Interrelation of God, human and world in Islam

The purpose of this article is to show that religious teachings and philosophical theories determine their teachings concerning life after death or endless life in accordance with their vision of being, with their worldview and epistemological perspectives. Accordingly, the belief in the reincarnation is contrary to Islamic teachings concerning God, the universe and man.

Keywords: Immortality, Hereafter Belief, Transmigration, Tanasuh, Reincarnation.